



Бекітемін: «Томирис» жеке бөбекжайының
меңгерушісі С.К.Даулетова

**«Томирис» жеке бөбекжайының 2023–2024 жылына сыбайлас жемқорлыққа
қарсы әрекет бойынша іс-шаралар жоспары**

р/н	Іс-шаралар атаулары	Орындалу уақыты	Жауаптылар
1	«Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларға жол бермеу туралы» бұйрық шығару.	Қыркүйек	Меңгеруші С.К.Даулетова
2	Бөбекжайда сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шаралары жөнінде жоспар құрып бекіту. «Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» баяндама «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»	Қыркүйек	Меңгеруші С.К.Даулетова Әдіскер А.С. Жумашева
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стенд дайындап шығару.	Қараша	Меңгеруші С.К.Даулетова Әдіскер А.С. Жумашева
4	Жаднама «Сыбайлас жемқорлық» туралы.	Желтоқсан	Әдіскер А.С. Жумашева
5	«Сенім жәшігі» туралы ата-аналарға ақпарат беру.	Үнемі	Әдіскер А.С. Жумашева
6	Тәрбие сағаты «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»	Ақпан	Ересек топ тәрбиешілері
7	Дөңгелек үстел: «Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер, пікірталастар».	Мамыр	Меңгеруші С.К.Даулетова Әдіскер А.С. Жумашева
	Жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асуы туралы есеп.		

«Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы

№ 1 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 10.09.2023 жыл

Төрайымы: А.С.Жумашева

Хатшы: Д.Нугманова

Қатысқандар: 8 адам

Қатыспағаны: 0 адам

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасын және Әдеп кодексінің жобасын қарау.

2.«Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» баяндама

Жауапты: Меңгеруші С.Қ.Даулетова

3.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»

Жауапты: Әдіскер А.С.Жумашева

4.«Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»

Жауапты: Әдіскер А.С.Жумашева

Тыңдалды: Меңгеруші С.К.Даулетова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасы» Қазақстан Республикасының Заңымен жиналғандардың бәрін таныстырған бөбекжай-бақша директоры, бұл Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын басқа да адамдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлер. Мен осы Заңның демократиялық принциптерді кеңейтуге, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен бақылауға бағытталғандығына назар аудардым. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары атап өтілді: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

Сөз алды: Әдіскер: А.С.Жумашева «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу туралы» бұйрық тоқсан сайын балалар бақшасында шығарылатындығын айтты.

Сөз алды меңгеруші С.К.Даулетова

« Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» атты тақырыпта баяндама оқыды.

Сөз алды: тәрбиеші Б.М.Муратова.-тәрбиешілердің бөбекжайда ақша жинауға жол берілмейтіндігін атап өтті.

Тыңдалды: Әдіскер А.С.Жумашева - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Сөз алды: әдіскер А.С.Жумашева сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру,оның алдын алу көріністерін азайту.
- 2.Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу. Әдіскер А.С.Жумашева бүгінгі тақырып негізінде, ереже мен міндеттермен қорытындылады.

Шешімі:

«Томирис» жеке бөбекжайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттері және Әдеп кодексінің жобасымен келіседі және толығымен орындайды.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын.

Жауапты: Әдіскер А.С.Жумашева

Төрайымы:
А.С.Жумашева
Хатшы:  Д.Пугманова



«Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы

№ 2 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық деген не?»

Өткізілген күні: 10.02.2024 жыл

Өткізілген түрі: дөңгелек үстел

Қатысқандар: 7

Қатыспағаны: 1 (себепті)

Күн тәртібі

1.Тәрбие сағаты «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Сөз алды: Әдіскер А.С.Жумашева Жемқорлық (лат.Corruptio-сатып алу)- мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні туралы айтып өтті.

Тыңдалды: тәрбиеші Б.М.Муратова.-сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

Сөз алды: тәрбиеші Н.С.Кенжегалиева- сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтып айтты.

Шешімі:

1.Пед.ұжыммен өткен «Сыбайлас жемқорлық деген не?»атты дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан қарай жандандырылсын.

Төрайымы:

А.С.Жумашева

Хатшы:

Н.Д.Нугманова

МНН 869771301

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу. Әдіскер А.С.Жумашева бүгінгі тақырып негізінде, ереже мен міндеттермен қорытындылады.

Шешімі:

«Томирис» жеке бөбекжайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттері және Әдеп кодексінің жобасымен келіседі және толығымен орындайды.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын.

Жауапты: Әдіскер А.С.Жумашева

Төрайымы:

А.С.Жумашева

Хатшы:

Н.Д.Нугманова



**«Томирис» жеке бөбекжайының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында
ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы
№3 хаттама**

Тақырыбы: *«Адалдық – адамгершіліктің негізі»*

Өткізілген күні: 15.05.2024 жыл

Өткізілген түрі: Пікір алмасу, дөңгелек үстел

Қатысқандар: 8

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Дөңгелек үстел: «Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер, пікірталастар».
2. Бөбекжай қызметінде ашықтық пен әділдік қағидаларын сақтау.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстардың қорытындысы.

Төрайымы: А.С.Жумашева

Тыңдалды:

Сөз алды: әдіскер А.С.Жумашева. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – әрбір қызметкердің азаматтық және кәсіби міндеті екенін атап өтті. Бөбекжай қызметінде заңдылықты сақтау, қызметтік міндеттерді адал орындау, ашықтық пен әділдік қағидаларын басшылыққа алу білім беру ұйымының сенімділігі мен беделін арттыратынын айтты. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби әдебі мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі тетігі екеніне тоқталды.

Тыңдалды: тәрбиеші Г.С.Наурзбекова. Ол ұжымда адалдық құндылықтарын дәріптеу, заң талаптарын сақтау және қызметтік міндеттерді жауапкершілікпен орындау әрбір қызметкердің басты ұстанымы болуы тиіс екенін айтты. Сондай-ақ ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық пен әділдікті сақтау сенімді нығайтатынын атап өтті.

Сөз алды: тәрбиеші А.Ә.Омарова. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек мемлекеттік органдардың емес, әр азаматтың ортақ міндеті екенін айтып, құқықтық сауаттылықты арттыру мен заң талаптарын қатаң сақтау қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастырудың негізі екенін жеткізді.

Шешімі:

1. «Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер, пікірталаста» тақырыбындағы дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Бөбекжай қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және адалдық қағидаларын насихаттау жұмыстары тұрақты жалғастырылсын.
3. Қызметтік міндеттерді орындауда ашықтық, әділдік және заңдылық қағидаларын сақтау барлық қызметкерлерге міндеттелсін.
4. Педагогтер арасында құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Төрайымы:
А.С.Жумащева
Хатшы: Н.Д.Нугманова

